

ЖИЫН

Қоғам мен билік: Ашықтық пен әділдік – уақыт талабы

Д. Серікбаев атындағы ШҚТУ базасында «Мемлекеттік құрылымдар мен азаматтық институттардың өзара жүйелі іс-қимылын іздеу» тақырыбында «дөңгелек үстел» өтті. Бұл маңызды іс-шара Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев IV Ұлттық құрылтай мен Қазақстан халқы Ассамблеясының XXXIV сессиясында айқындап берген маңызды стратегиялық міндеттерге шешім іздеуге негізделген.



«Дөңгелек үстел» аясында әлеуметтік-демографиялық саладағы өзекті стратегиялық мәселелерді шешу мақсатында мемлекеттік билік институттары мен қоғамдық ұйымдар арасында әлеуметтік-саяси әріптестік орнатудың негіздері талқыланды. Іс-шара барысында ҚР Сенатының, ШҚО әкімдігінің, ҚР Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы ШҚО филиалының өкілдері, сондай-ақ еліміздің ғылыми-сараптамалық қауымдастығының мүшелері баяндама жасады.

— Шығыс өңірі мәдени тұрғыда, өнеркәсіп кеңені бойынша өте жоғары көрсеткіштерге ие аймақ. Сондықтан бұл жерде мемлекеттік құрылымдардан бөлек, қоғамдық маңызы бар азаматтық институттар мен кәсіпкерлік саладағы нысандар және көптеген өндіріс ошақтары шоғырланған. Осы орайда өзекті, көкейкесті мәселелерді ортаға салып талқылап, мәселенің оң шешімін табу үшін мемлекеттік құрылымдар, бизнес өкілдері мен азаматтық қоғам мүшелері ашық диалог құрып, бір-бірімен ынтымақтастықта, бірлесе жұмыс

істеуі маңызды. Осы тұрғыда біз арнайы бағдарлама ұсындық. Алдағы уақытта аталмыш бағдарлама ойдағыдай жүзеге асып, аймақтағы қоғамға пайдалы, игі бастамалар легі жалғасатынына сенімдіміз, — деді ҚР Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының ШҚО бойынша филиалының директоры Жанар Бұқанова.

Әлеуметтанушы, ғылым кандидаты Элеонора Столярова ашықтық пен әділдік — қазіргі күннің басты талабы екенін, ал қоғамдық институттар арасында өзара тығыз байланыс орнатып, мемлекеттік органдармен бірлескен негіздегі іс-қимыл жүйесін үйлестіру арқылы адами ресурстарды дамытуға болатынын алға тартты. Сондай-ақ ол бүгінгі іс-шара тек пікір алмасу алаңы ғана емес, бұл заманауи технологияны халыққа және бизнеске қызмет көрсету инфрақұрылымы ретінде енгізудің, яғни ғылыми-зерттеу әлеуетін техникалық салада ғана емес, сонымен қатар қоғамдық-саяси қатынастар орнатуда да сәтімен қолдану — еліміздің саяси жаңғыруына берік те тұрақты негіз қалыптастыруда маңызды рөл атқаратынын атап өтті.

«Дөңгелек үстел» барысында мемлекеттік-әкімшілік басқару жүйесі мен әлеуметтік менеджмент саласына ғылыми әзірлемелерді тиімді енгізу мақсатында өңірлердің әлеуметтік-демографиялық ерекшеліктерін ескере отырып жасалған «ASHYQTYQ, YNTYMAQASTYQ, KOLLABORATIVTIK» атты жүйелі өңірлік өзара іс-қимыл моделі таныстырылып, жан-жақты талқыланды.

БРИФИНГ

іс-қимыл және оны қор